

## Ганюшкин селолық округіне қарасты кейбір көшелерге және шағын елді мекендерге көше атауларын беру туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Ганюшкин селолық округі әкімінің 2009 жылғы 15 қазандағы N 128 шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 13 қарашада N 4-8-168 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Ганюшкин селолық округі әкімінің 2010 жылғы 22 қазандағы N 77 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Ганюшкин селолық округі әкімінің 2010.10.22 N 77 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағы негізінде, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы № 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағын басшылыққа алып, аудандық ономастикалық комиссиясының 2009 жылғы 15 қазандағы № 17 хаттамасына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Ганюшкин селолық округіне қарасты, Спортивная көшесін - Егеменді Қазақстан, Механизатор көшесін - Құрылысшы, Ескі Аэропорт шағын елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге – жолдың оң жақ бетіне Керуен және жолдың сол жақ бетіне Нұрлы, Тәжібай шағын елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Жерұйық, Сазтүбек шағын елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Наркескен, Жапырық шағын елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Ақансері, Кадырка шағын елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Темірқазық, Байтарал шағын елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Шаттық, Үлкен Кресті шағын елді мекеніндегі атауы жоқ көшеге - Өркениет атаулары берілсін.

2. Шешім әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң заңды күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан бастап күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*А. Тәжібаев*